

№7 арнайы түзету мектеп интернатының әлеуметтік педагогының
жылдық есебі

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз лауазымдылық шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру.

Қазақстан Республикасы 1989 жылы БҰҰ қабылдаған «Бала құқығы туралы конвенцияны» мақұлдады. Конвенция мазмұны негізгі 4 талап қояды, баланың өмір сүру құқығы, баланы қорғау, дамуына жағдай жасау, қоғамдық өмірге белсене араласу құқын құрметтеу. Негізгі басымдық баланы қайсыбір себептері болмасын кемсітпеу. Конвенция әлеуметтік қорғалмаған балалар тобына, жетімдерге, мүгедектерге, құқық бұзушыларға ерекше көңіл бөледі.

Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы», «білім туралы» заңдары басшылыққа алынып, бала құқығын және мүдделерін қорғау мәселесі келесі бағыттар бойынша құрылды:

I. Балалардың құқықтары мен заңды мүддесіне байланысты Қазақстан Республикасының заңдарын орындау;

II. Мектеп ұстаздарына, оқушыларға, ата-аналарға кеңес беру, тренингтер өткізу.

III. Оқушылардың дұрыс тәрбиеленуіне және сапалы білім алуына әлеуметтік жағдай жасау.

2022-2023 оқу жылында №7 арнайы түзету мектеп интернатында 124 бала оқып, тәрбиеленуде. Оның ішінде:

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
1	Барлық оқушылар	123	100 %
2	Отбасы түрі бойынша: Толық отбасылар	28	22,7%
3	Толық емес отбасылар, оның ішінде А) ажырасқан отбасылар Ә) некесіз (ф/4)	27 10	30,8%
4	Жартылай жетім отбасылар Анасы жоқ балалар	3	2,4%
5	Әкесі жоқ балалар	6	4,8%
6	Көп балалы отбасы	24	19,5%
7	Аз қамтамасыз етілген отбасы	18	14,6%
8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар А) патронат отбасы балалары Ә) қамқоршы отбасы балалары	1 6 0	5,69%

	Б) тұл жетім балалар		
11	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	0	0
12	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
13	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
14	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
15	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
	Ата-аналарының білімі:	206	100 %
1	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	89	43,2%
2	Техникалық және кәсіптік	48	23,3%
3	Орта	69	33,4%

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен "Мектепке жол", «Жолашар» атты акциясын басшылыққа ала отырып, мектеп интернатта жаңа оқу жылы қарсаңында «Мектепке жол», «Жолашар» акциясы аясында қайырымдылық көмек көрсету іс-шарасы жүргізілді. Қайырымдылық акция барысында, мектебімізге үнемі көмек беріп, мектеп өміріне белсенді араласып, жанашарлық көзқараспен қарайтын демеушіміз ЖШС БК «КазГерМұнай» осы акция барысында, 6 қыркүйек күні 1 сыныпқа қабылданған 11 оқушыға оқу құралдарымен жабдықталған сөмкелер әкеліп табыстады.



Сонымен қатар, «Кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберінде ұсынылатын көмектің түрлері мен көлемдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы №39 қаулысына сәйкес, қыркүйек айында мектеп интернаттағы әлеуметтік тұрмысы төмен, атаулы әлеуметтік көмек (АСП) алатын 10

оқушыға: қыздарға - костюм, юбка, кеудеше; ұлдарға – костюм, шалбар және барлығына оқу құралдарымен жабдықталған сөмке табысталды. Қыздарға киімге ТОО «Далатекс» демеушілік жасады, ұлдарға костюм-шалбар, оқу құралдарымен жабдықталған сөмкені мектеп әкімшілігі табыс етті.



Сынып бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған, сыныптың әлеуметтік картасы және оқушының жеке әлеуметтік картасы жасақталды. Оның ішінде: Баланың жанұя мүшелерімен қарым-қатынасы, денсаулық жағдайы, отбасы туралы мәлімет, тұрғылықты мекен-жайы, жанұя статусы, отбасының әлеуметтік тұрмыстық жағдайы анықталып толтырылды.

2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың аудан бойынша орналасуы анықталды:

р/с	Қала, аудан атауы	Бала саны	Оның ішінде ұлы	Қызы
1	Қызылорда қаласы	95	54	41
2	Арал ауданы	3	2	1
3	Қазалы ауданы	4	3	1
4	Қармақшы ауданы	5	3	2
5	Жалағаш ауданы	5	2	3
6	Байқоңыр, Төретам	0	-	-
7	Шиелі ауданы	5	4	1
8	Жаңақорған ауданы	0	0	0
9	Сырдария ауданы	7	4	3
	Барлығы	124	72	52

Қызылорда облысының білім басқармасының 07.12.2022 жылғы № 03-03/4910 санды хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті атынан өткізілетін «Қош келдің, жаңа жыл – жаңа белес, жаңа арман!» атты жаңа жылдық шыршаға, әлеуметтік тұрмысы төмен (толық емес отбасы), Жаңа жылдық мерекеге мектебімізден аз қамтылған, толық емес отбасынан шыққан 3 «а» сынып оқушысы Абзалқызы Назерке қатыстырылды. Назеркеге планшет, жұмсақ ойыншық, роутер, кітап пен тәттілер сыйға берілді.



Мектепшілік жаңа – жылдық шыршаға «Торғай Петролеум» АҚ, «КазГерМунай» БК ЖШС, «Nur - Implant» стоматологиялық клиникасы, ОФ «Волонтеры Кызылорды» қоғамдық қоры оқушыларға жаңа жылдық сыйлық (тәттілер) табыс етті. 124 оқушының барлығына 2 подаркадан берілді. Аяз ата қапшығына 40 подарка салынды.

Жаңа жыл қарсаңында әлеуметтік тұрмысы төмен, аз қамтамасыз етілген, толық емес 2 отбасыға «Магнум ұжымы» демеушілік жасап 10 литр семішке май, 20 кг ұн, 20 кг күріш, 10 кг құмшекер, 2 кг шай, 8 кг рожки көмек берілді.



Сонымен қатар, қазақ тілі пәні мұғалімі А.Қалиева 2 а сынып оқушысы Те Олегке – қыстық куртка, спорттық киім, ақ жейде, іш киімдер;

9 «а» сынып оқушысы Ж.Мияссаровқа – қыстық қалпақ, қыстық кроссовки, трико, қолғап;
 9 «а» сынып оқушысы Қожабек Аянға – қыстық кроссовки, трико, іш киімдер;
 7 «б» сынып оқушысы Құлғараев Асылханға, 7 «а» сынып оқушысы Нұрлыбекқызы Ділшарға, 5 «б» сынып оқушысы Избасарова Көркемге емдік көзілдірік (очки от зрения) және жалпы оқушыларға 2 упаковка носки, іш киімдер алып берді.

Ән-әуез пәнінің мұғалімі Ұ.Искакова Республикалық «Жұлдызай» фестиваліне өзбек биін дайындап, 8 оқушының костюміне матасын, шапкасын, мәсілерін және «Шумовой оркестр» аспаптарын өзі алып қамтамасыз етті. «Шумовой оркестр» қамзолын тіктіруге спонсор тауып, матасын алып берген тарих пәнінің мұғалімі Абсадыкова Анар. «Өзбек» биі костюмдерін тіккен еңбек пәні мұғалімдері Б.Құдайбергенова, Э.Ережепова, Г.Мамахатова, Ғ.Абдраманова. Демеушілік көрсеткен апайларымызға көмектері үшін алғыс білдіреміз.


Әр түрлі санаттағы балаларға қайырымдылық арқылы көрсетілген көмек түрлері



Оқушылардың үйін аралау

2022-2023 оқу жылында мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің тұрмыс жағдайымен танысу мақсатында жанұяның материалдық-тұрмыстық жағдайлары тексеріліп, отбасының тұрғын үйінің тұрмыстық жағдайын тексеру актісі толтырылды. Барлығы 19 отбасы оның ішінде:

1. Толық емес отбасы – 7
2. Жалғызбасты ана - 2
3. Толық отбасы – 2
4. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған – 5
5. Өгей әкемен тұратын – 2
6. Әкесі қайтыс болған – 1



Әлеуметтік педагогтың, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог психологпен бірлескен жұмысы

Әлеуметтік педагогтың, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог психологпен бірлескен жұмысы нәтижесінде жыл көлемінде атқарылған іс-шаралар:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің, құқықбұзушылықтың, жыныстық қолсұғушылықтың, буллингтің алдын-алу – 8;
2. Өгей әкемен тұратын оқушылардың тұрмыстық жағдайын зерттеу – 5;
3. Қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын-алу – 2;
4. Буллинг, кибербуллинг туралы – 2;
5. «Нашақорлықтың салдары» мамандармен кездесу – 3;
6. «Кім болғым келеді?» оқушыларға мамандық тандауға бағыт-бағдар беру

Ұсыныс:

1. 2023-2024 оқу жылында әр түрлі санаттағы оқушылардың отбасына рейд жасау қамтамасыз етілсе.
2. Ведомствоаралық өзара әрекеттесу бағыты бойынша сынып жетекшілер мен тәрбиешілердің, мамандармен үнемі байланыста болуы жандандырылса.